

Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы  
бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің тіл-әдебиеті әдістемелік бірлестігі  
2024-2025 оқу жылындағы *жылдық* бойынша атқарылған жұмыс  
барысының есебі.

Бірлестік жетекшісі: Смагулова А.Ө

Әдістемелік бірлестігінің биылғы оқу жылында тоғыз мұғалім еңбек етеді, барлығы жоғары білімді тәжірибелі ұстаздар. Әрбір тіл-әдебиеті пән мұғалімдерінің мақсаты мен міндеті болашақ ұрпаққа жаңа технология әдістері бойынша оқытуда сапалы білім беру. Жалпы, бірлестік мұғалімдерінің жұмыс барысындағы алдына қойған мақсаты:

Мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби шеберлігін, құзырлылығын және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуіне ықпал ету.

Жаңа оқу жылының басында барлық, тіл-әдебиеті мұғалімдері күнтізбелік жоспарын құрып, бекітіп, сол бойынша жұмыс жасады. Бірлестік отырысы жоспар бойынша өтіп, хаттамасы жасалынды. Жылдағы үрдіс бойынша аудандық білім бөлімінен келген Тіл мерекесі жоспары негізінде мектепшілік онкүндік жоспар құрылып бекітілді. Жоспар бойынша онкүндік ашылуы өтті, өткізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырылды. Оқушылар аудандық, облыстық, мектепшілік байқауларға қатысып, белсенділік танытты. Онкүндік қорытындысы шығарылып, белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

Мұғалімдер мен оқушылар арасында «Ахмет Байтұрсынұлы және Мәңгілік ел мұраты» тақырыбында ашық диктант күні өткізілді. Сонымен қатар, Ұстаздар күніне арналған жоспар бойынша «Менің сүйікті ұстазым» тақырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты-педагог мәртебесін болашақ мамандар арасында артуына ықпал ету, білім алушының шығармашылық, зерттеушілік және ойлау қабілетін дамыту. Эссе байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Токсан соңында БЖБ, ТЖБ жұмыстарының қорытындысы шығарылды.

Саралай келгенде, тіл-әдебиеті мұғалімдері оқытудың жаңа технологиялары мен тиімді жолдарына негізделген білім мен тәрбие тізгінін тең ұстап, өнегелі де, үлгілі ұрпақ дайындауға аянбай еңбектенуде.

*Мен қорытындысы бойынша 9-сынып оқушылары арасында 6 үздік, 11-сынып оқушылары арасында екі оқушы "Алтын белгі" алды.*

Бірлестік жетекшісі: *Смагулова А.Ө* Смагулова А.Ө

Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы  
бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің тіл-әдебиеті әдістемелік бірлестігі мұғалімдерінің  
2023-2024 оқу жылындағы атқарылған іс шараларының жылдық  
Е С Е Б І.

Аталған әдістемелік бірлестікте биылғы 2023-2024 оқу жылында тоғыз тіл әдебиеті мұғалімдері жұмыс атқарады. Құрамында 3-зерттеуші педагог, 2-сарапшы, 1-педагог модератор, 3-мұғалімнің санаты жоқ. Әдістемелік кеңес жұмысына жоғары санатты ұстаз, зерттеуші педагог, Смагулова А.Ө жетекшілік етті. Бұл істі атқару барысында алдымен жоспар бекітіліп, рндағы белгіленген өзекті іс шаралар тиянақты жауапкершілікпен орындауға бірлестік мұғалімдері үлесін қосты. Оқу жылында тіл әдебиеті пәні мұғалімдері жаратылыстану математикалық бағытта жұмыс жасады. Жаңа оқу жылының басында барлық мұғалім күнтізбелік жоспарын құрып, бекітіп, сол бойынша жұмыс жасады. Бірлестік отырыстары жоспар бойынша өтіп, хаттамасы тіркелді. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасауға бағытталған жоспарлар жасалынып, бірлестік мұғалімдері тараптарынан жұмыстар жүргізілді. Тіл мерекесіне орай жоспар бойынша онкүндігі өтті. Мектеп оқушылары жыл барысында аудандық, облыстық, республикалық, мектепшілік байқауларға қатысып, белсенділік танытуға шақырылды. Шығармашылық байқау сайыстарына да қатыстырылды.

Пән бірлестігінде пән мұғалімдері тиімді әдіс тәсілдерді дәстүрге айналдырып берген ашық сабақтары: Смагулова А.Ө қазақ әдебиеті пәнінен 10 «А» сыныбында «Қазақтың сыршыл ақыны Мағжан Жұмабаев», Абеева К.Х қазақ тілі пәнінен 8 «А» сыныбында «Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел», Аманжолова Г.А орыс тілі пәнінен 8 «Б» сыныбында «Умники и умницы», Аманбаева А.Н орыс тілі пәнінен 9 «Ә» сыныбында «Мир чудес и приключений» тақырыптарында.

Тіл әдебиеті мұғалімдерінің білім сапасының көрсеткіштері:

Смагулова А.Ө- 87%

Абеева К.Х – 72%

Бейсенбаева А.С – 87%

Жаймашева С.С – 87%

Аманжолова Г.А – 82%

Аманбаева А.Н- 72 %

Манабаева З.А – 69%


Саметова А.Ж – 82%

Бейымбет М.Б – 79%

Оқушылардың өтілген тақырыптары бойынша әр тоқсан барысында оқу жетістіктерінің деңгейін бақылау мақсатында бөлім, тарау, тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстарын сарапталынады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей оқушылардың нәтижесі жыл барысындағы өткен олимпиада, ғылыми жоба және басқа да шығармашылық сайыстардың жүлдегері болуымен айқындалады.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құл алады», деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, тіл әдебиеті пәнінің мұғалімдері келешекте де білім әлемінің алтын ұясы болып қала бермек

Бірлестік жетекшісі: 

Смагулова А.Ө  
24 мамыр 2024 жыл

Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы  
бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің тіл-әдебиеті әдістемелік бірлестігі мұғалімдерінің  
2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жылдық  
Е С Е Б І.

Тіл – әдебиеті әдістемелік бірлестігінде 10 мұғалім жұмыс атқарады. Оқу жылы бойы әдістемелік ұйымдастырушылық сұрақтар бойынша қаралған бес әдістеме бірлестік мұғалімдерінің отырысы болды. Отырыста төмендегідей сұрақтар қаралды:

1. Тіл әдебиеті пәндері бойынша білім сапасын көтеру;
2. Жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану;
3. Тіл әдебиеті апталығын өткізу;
4. Мектепшілік пән олимпиадасын өткізу;
5. Ғылыми жұмыс, дарынды оқушылармен жұмыс;
6. Оқушының білімін дұрыс бағалау үшін бөлім, тарау, тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстарын өткізу;
7. 11- сынып оқушыларының ҰБТ ға дайындығы;
8. 9-11 сыныптардың мемлекеттік мемлекеттік емтиханға дайындығы.

Оқу жылының басында тіл әдебиеті пәндері бойынша күнтізбелік жоспары құрылып, бекітілді. Пән мұғалімдері оқу жылы барысында тәжірибе алмасу арқылы жоспар бойынша нәтижелі жүргізді. Қыркүйек айының басында жылдағы үрдіс бойынша ҚР Тілдері күніне орай жоспарланған онкүндік өткізді. Барлық пән мұғалімдері мен сынып оқушылары тартылып, түрлі сайыстар мен байқаулар арқылы өз білімдерін сынады. Жүлдегерлер анықталып, марапатталды. Қараша айында 8-11 сынып оқушылары арасында пән олимпиадалары өткізіліп, жеңімпаздарды аудандық пән олимпиадасына іріктелінді. 9-сынып оқушысы Ақжүнісова Н, қазақ тілі пәнінен үшінші орын (пән мұғалімі Бейсенбаева А.С), 10- сынып оқушысы Сапарғали Әділ орыс тілі пәнінен екінші орын, Керимжанова Сабина үшінші орын (пән мұғалімі Аманжолова Г.А), 10- сынып оқушысы Ерсайын Бекнұр ағылшын пәнінен екінші орын (пән мұғалімі Манабаева З.А) иеленіп, арнайы диплом, сертификаттарымен марапатталды. 8-сынып оқушылары Сағындықова Аруана мен Кулибаева Гулдана аудандық өткен «Абай, Мұқағали оқуларына» қатысып, жүлделі І-ші дипломдар алып, облыстық байқауда арнайы сертификаттарымен марапатталды. Пән мұғалімі Смагулова А.Ө.

Жыл барысында әдістемелік бірлестік мұғалімдері тәжірибе алмасу мақсатында орыс тілінен Аманжолова Г.А, қазақ тілінен Едіге Е.К, ағылшын тілінен Манабаева З.А, орыс тілінен Аманбаева А.Н ашық сабақтар өткізді.

Сонымен қатар, бірлестік мұғалімдері аудандық семинарлар өткізуіне атсалысты. Пән мұғалімдері жыл барысында бөлім, тарау, тоқсан

сайын оқушылардың білімін дұрыс бағалау үшін жиынтық бақылау жұмыстарын алып, нәтижелерін шығарды.

Қорыта келгенде, әрбір істелінген әрекет, әрбір сабақ-бірлестік мұғалімдері үшін үлкен жауапкершілік, үлкен абырой.

Бірлестік жетекшісі:  Смагулова А.Ө